

"Бекітемін»  
ШҚО ММО "ШЖҚ КМК» бас дәрігерінің м. а.  
Нурбикенов М.К.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН ІШКІ ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

### Ішкі талдау объектісінің толық атауы:

Шығыс Қазақстан облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Шығыс Қазақстан облыстық мамандандырылған медициналық орталығы" ШЖҚ КМК (бұдан әрі - мәтін бойынша "ШҚО ММО" ШЖҚ КМК»)

### Ішкі талдау объектісі қызметінің талданатын кезеңі - төрт ай (қаңтар-сәуір 2021 ж.)

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде мынадай іс-шаралар өткізілді.

2021 жылғы қаңтар-сәуір аралығындағы кезеңде мемлекеттік сатып алу рәсімін өткізу кезінде қызметкерлердің заңсыз әрекеттері туралы хабарламалар түскен жоқ.

Бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары бойынша іс-шаралар өткізіледі, атап айтқанда:

Дәрілік заттарды, ММБ, шығыс материалдарын, оның ішінде, 2021 жылғы I тоқсан кезеңінде жасалған шарттар бойынша сатып алу тәсіліне талдау жүргізілді (мемлекеттік сатып алу бөлімінен анықтама). Сатып алуды өткізу кезінде ҚР заңнамасының сақталуына ішкі бақылау жүргізіледі.

Өзгерістер енгізу жөніндегі мәліметтер (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, тауарды сатып алу бөлігінде) мемлекеттік сатып алу жоспарына уақтылы енгізіледі.

2021 жылғы қаңтардан сәуірге дейінгі кезеңде мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша шарттық міндеттемелерді орындамаған/тиісінше орындамаған әлеуетті өнім берушілер бөлігінде тұрақты бақылау жүзеге асырылады.

"Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру" стандарты (СНМК) көрсетілген мемлекеттік қызметтің сапасы бойынша статистикалық бөлімнің бұзушылықтары анықталған жоқ. Статистикалық деректерге сәйкес СНМК үзінді көшірмелер берілді: 2021 жылғы қаңтар - 1065 дана; 2021 жылғы ақпан - 1173 дана; 2021 жылғы наурыз - 1341 дана; 2021 жылғы сәуір - 1295 дана; жиыны-4854 дана.

Есепті кезеңде мемлекеттік қызмет көрсету сапасына шағымдар түскен жоқ, СНМК сұрау салу бойынша қысқа мерзімде берілді, емделушілерді шығарған кезде тікелей емделушіге шығарылған күні беріледі.

Стационарда ем қабылдаған тұлғаларға сәйкес:

еңбекке жарамсыздық парағы қаңтар 2021ж. - 293 дана; ақпан 2021ж. -333 дана; наурыз 2021 ж. - 411 дана; сәуір 2021ж. - 384 дана; жиыны - 1421 дана;

студенттік анықтамалар: қаңтар 2021 ж. – 7 дана; ақпан 2021 ж. -11 дана; наурыз 2021ж. - 16 дана; сәуір 2021ж. -16 дана; жиыны - 50 дана;

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында (БАҚ) жеке және заңды тұлғалардың жарияланымдары мен өтініштерін қадағалау, өтініштерге уақтылы ден қою:

қаңтар 2021 ж. – өтініш - 3, алғыс 1;

ақпан 2021 ж. өтініштер - 2, шағымдар 2 - негізсіз, алғыс 1;

наурыз 2021 ж. өтініштер - 6, шағымдар 2- негізсіз, алғыс 1;

сәуір 2021 ж. - 7 өтініш, 4 шағым – негізсіз.

Белгіленген мерзімдерді бұза отырып, мемлекеттік қызмет көрсету фактілері жоқ.

Медициналық ұйымның қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға, тәуекелдерге әкеп соғатын немесе ілеспелі іс-әрекеттерге жол бермеу туралы ағарту жұмысы тұрақты негізде жүргізіледі. Аппараттық кеңесте үнемі медициналық қызметкерлердің назарына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне, мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеу, алдын алу туралы жеткізіледі.

Есепті кезеңде медициналық ұйым қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне сыбайлас жемқорлық көріністері туралы ақпарат түскен жоқ.

Есеп беру кезеңінде мүдделер қақтығысы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы фактілер тіркелген жоқ.

Тексеру кезеңінде белгіленген стационарлық жәшікке аурухана қызметкерлерінің құқыққа қарсы әрекеттеріне азаматтардың өтініштері түскен жоқ.

Жоспарға сәйкес қабылдау-диагностика бөлімшесінде (емделушіге тексеру жүргізетін кабинеттерден басқа) бейнебақылау камерасы орнатылған. Қазіргі уақытта аурухананың аумағы бойынша сыртқы бейнебақылау камералары орнатылуда.

Мониторинг барысында мүдделер қақтығысы және шектеулер мәселелері бойынша талаптардың сақталуы анықталған жоқ.

Мүдделер қақтығысын болғызбау және шешу, сондай-ақ шектеулерді сақтау мәселелері басшылық пен әдеп жөніндегі уәкілдің қатаң бақылауында болады.

Тексеру кезеңінің қорытындысы бойынша аурухана қызметкерлері тәртіптік жауапкершілікке, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылған жоқ.

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_

Хатшы Соловьев \_\_\_\_\_

04 мамыр 2021 ж.